

"Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалау құрылымы" қалалық әдістемелік кеңес отырысы

2024-2025 оқу жылы

12.12.2024 жылы қалалық білім бөлімінің ұйымдастыруымен кезекті әдістемелік кеңес отырысы өтті. Отырыста қаралған мәселелердің бірі "Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалау құрылымы". Аталған мәселе бойынша 2023-2024 оқу жылында аттесттаудан үздік көрсеткішпен өткен біздің мектеп-гимназия директорының ғылыми ісі жөніндегі орынбасары Копанова Н.Л. және шағын орталық әдіскері Джумабаева А.А. тәжірибе алмасты. Тәжірибе алмасу барысында Нұрсұлу Лесбековна құжаттарды қалай жүргізу керек, қандай бұйрықтарға сүйену керектігін таныстырып өтсе, Акмарал Асылхановна шағын орталық, даярлық топтарының құжаттарын электронды нұсқада қалай жүктеу керектігін таныстырды.

